

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) осымен өзінің акционерлеріне Қоғамның директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, (Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер) акті залы, 3-қабат мекенжайында 2019 жылдың 11 ақпанында 10 сағат 00 минутта мынадай күн тәртібімен өткізілетін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) шақыру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды:

Қоғамның, қоса берілген қосымша келісім жобасының шарттарында, нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп процентті құрайтын мүлік иелік шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №183-79//337-71 қаржылай көмек көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасасуы туралы.

Қоғамның директорлар кеңесі Жиналысты шақыруға бастамашылық етуші болып табылады (2018 жылғы 20 желтоқсандағы №39 хаттама).

Жиналысқа Қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты – 2019 жылдың 11 ақпаны, 09 сағат 00 минут.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтау уақыты – 2019 жылдың 11 ақпаны, 09 сағат 45 минут.

Кворум болмаған жағдайда, Жиналыс 2019 жылдың 12 ақпанында, 10 сағат 00 минут осы мекенжайда дәл осы күн тәртібімен өткізілетін болады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні – 2019 жылдың 11 қаңтары, 00 сағат 00 минут.

Жиналыстың күн тәртібінің мәселесі бойынша материалдар жұмыс күндері сағат 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 17-үй, 12-қабат, 1212-кабинет мекенжайындағы Қоғамның ғимаратында, сондай-ақ www.kmgp.kz сайтында Жиналыс өткізу күніне дейін 10 күн бұрын акционерлерге танысу үшін қол жетімді болады. Қоғам акционері сұрау салған жағдайда Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар сұрау алынған күннен бастап, 3 жұмыс күн ішінде осындай акционерге жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.

Жиналыс өткізу тәртібі:

- Жиналыс келген акционерлер (олардың өкілдері) тіркелгеннен кейін ашылады. Акционердің өкілі оның Жиналысқа қатысу және дауыс беру өкілеттіктерін растайтын сенімхатты беруі тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ;

- артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын акционер Жиналысқа қатысуға және қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы;

- шақырылған тұлғалар да Жиналысқа қатыса алады, бұл ретте осындай тұлғалар Жиналыс төрағасының рұқсатымен Жиналыста сөз сөйлеуге құқылы;

- кворум болған жағдайда Жиналыс жарияланған уақытта ашылады;
- Жиналыста Жиналыс төрағасы сайланады. Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыс хатшысы болып табылады;

- Жиналыс өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Жиналыстың күн тәртібінің мәселесін қарау мерзімінің келесі күнге ауыстырылғаны туралы шешім қабылдауға құқылы;

- Жиналыс күн тәртібінің мәселесі қаралып, ол бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабылды деп жариялануы мүмкін.

Жиналысты өткізудің өзге де мәселелері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында белгіленген.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша сырттай дауыс беру көзделмеген.

Жиналыс «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-52-баптарына сәйкес өткізіледі.